

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ішкі мүшелердің топографиясы

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/28932/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Дуйсебаева Жансая Рысбаевна**Сабақтың тақырыбы:** Ішкі мүшелердің топографиясы**Сабақтың мақсаты:***Білімділік.* Мүшелер жүйесі туралы түсінік беру.*Дамытушылық.* Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.*Тәрбиелік.* Ұқыптылыққа, тазалыққа баули отырып, дүниетанымдық тәрбие беру.**Сабақтың түрі:** дәстүрлі сабақ**Сабақтың типі:** аралас сабақ**Сабақты өткізу әдісі:** түсіндірмелі көрнекілік, сұрақ, жауап**Сабақтың көрнекілігі:** бұлышқет және жүйке ұлпаларының құрылысы**Сабақтың барысы:****I Ұйымдастыру кезеңі:**

а) сәлемдесу; ә) оқушыларды түгелдеу; б) сынып тазалығына көңіл бөлу.

II Үй тапсырмасын тексеру кезеңі

1. Адам туралы қандай ғылымдар бар?
2. Физиология қандай ғылым?
3. Салауатты – өмір салты дегеніміз не?

III Жаңа сабақ.

Мүшелер мен мүшелер жүйесі Ағза — біртұтас тіршілік иесі. Әр түрлі ұлпалар бірімен — бірі қосылып, мүше түзеді. Мүше дегеніміз — белгілі пішіні, құрылысы, орны бар бір немесе бірнеше қызмет атқаратын дене бөлігі. Ағзаның ішкі қуыстарында (мысалы, кеуде, құрсақ, жамбас) орналасқан мүшелерді — ішкі мүшелер деп атайды. Әрбір мүшеде барлық ұлпалар кездеседі, бірақ олардың біреуі ғана басым болады. Мысалы, дәнекер ұлпасы ағзаның ішкі ортасын, эпителий ұлпасы — асқорыту, тынысалу мүшелерінің сілемейлі қабықшасын түзеді. Бұлшықет ұлпасы — өңеш, ішектер мен

қуықтың қабырғаларын құрайды. Жүйке ұлпасы — ми мен жұлынды және жүйкелер мен жүйке түйіндерін түзеді.

Мүшелердің пішіндері, мөлшері және орналасу орны жағынан бірінен — бірінің айырмашылығы бар. Шығу тегі, құрылысы және атқаратын қызметі ұқсас мүшелерді мүшелер жүйесі дейді.

Адам денесіндегі атқаратын қызметі біріне — бірі байланысты мүшелер бірігіп мүшелер жүйесін түзеді. Мысалы, тірек — қимыл, зәржыныстық, эндокриндік мүшелер жүйесі бар.

Адам ағзасында (денесінде) болатын мүшелер жүйесі: 1. Эндокриндік жүйе — арнайы заттардың (гормондар) көмегімен ағзадағы барлық үдерістерді реттейді. Мүшелер қызметінің гормондар арқылы реттелуін гуморальдық реттелу дейді.

2. Жүйке жүйесі — барлық мүшелер мен мүшелер жүйесін біртұтас етіп біріктіріп, олардың жұмысын реттейді.

3. Сезім мүшелері (сенсорлық жүйе) — сыртқы ортадан арнайы тітіркендіруді қабылдайды әрі оған жауап қайтарады.

4. Тірек — қимыл жүйесіне бұлшықеттер мен қаңқа жатады. Олар тіректік, қозғалыстық және қорғаныштық қызмет атқарады.

5. Жүрек — қантамырлар жүйесі — жүрек пен қантамырлар ағзада қанайналымды қамтамасыз етеді.

6. Тынысалу жүйесі тынысалу мүшелері (мұрын қуысы, жұтқыншақ, көмекей, кеңірдек, ауатамыр, өкпе) қан мен қоршаған орта арасындағы ғазалмасуға қатысады.

7. Асқорыту жүйесі — ағзада тағамның қорытылуы мен сіңірілуін қамтамасыз ететін асқорыту мүшелерінің жиынтығы.

8. Зәршығару жүйесі — зат алмасудың нәтижесінде ағзада түзілген (тұз, несеп) өнімдерді ағзадан сыртқа шығарады.

9. Жыныс жүйесі — ағзаның артына ұрпақ қалдырып, тіршілігін жалғастыруды қамтамасыз етеді.

Ағзаның біртұтастығы. Адам денесіндегі мүшелер жүйесі бірлесіп, біртұтас ағза түзеді. Ағзаны құрайтын барлық мүшелер жүйесі бірімен — бірі тығыз байланысты. Әсіресе, жүйке жүйесі және эндокриндік мүшелер жүйесі бірімен — бірі үйлесімді түрде қызмет атқарады. Олар ағзаның жүйке — гуморальдық реттелу қызметін қамтамасыз етеді. Жүйке жүйесі хабар береді, эндокриндік мүшелер жүйесі бөлетін гормондарды қан, басқа мүшелерге таратады. Барлық мүшелер мен мүшелер жүйелерінің жұмысы бірімен — бірі тығыз байланыста үйлесімді болғандықтан, ағза — біртұтас тіршілік иесі деп аталады

IV. Қорытынды. Қорыта айтқанда, ағза — біртұтас тіршілік иесі. Әр түрлі ұлпалар бірімен — бірі қосылып, мүше түзеді. Мүше дегеніміз — белгілі пішіні, құрылысы, орны бар бір немесе бірнеше қызмет атқаратын дене бөлігі.

V. Бекіту сұрақтары:

1. Бұлшықет ұлпасының қандай топтары бар?

2. Миофибрилла деген не?
3. Жүйке ұлпасына тән қасиеттерді ата?

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма. Оқу.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.